



## Джон Дальтон

John Dalton

Туған күні: [6 қыркүйек 1766](#)

Туған жері: [Иглсфилд](#), [Камберленд](#), [Англия](#)

Қайтыс болған күні: [27 шілде 1844](#)

Қайтыс болған жері: [Манчестер](#) , [Англия](#)

Азаматтығы: Ұлыбритания

Ғылыми аясы: [химия](#), [физика](#), [метеорология](#)

Атақты шәкірттері: [Джеймс Прескотт Джоуль](#)

Қолтаңбасы:

• **Джон Дальтон** — ағылшын химигі және физигі. 1822 жылдан бастап Лондон патшалық қоғамына мүше. Білімін өз бетінше алған. 1781-1793 Кендаль мектебінің математика оқытушысы (1781-1793), 1793 жылдан бастап Манчестрдегі жаңа колледжінің физика математика оқытушысы болған. 1800-1803 жылдарға дейінгі негізгі зерттеулері физикаға, кейінірек химияға жатады. 1787 жылдан метеорологиялық бақылаулар жүргізген, аспанның түсін, жылудың табиғатын, жарықтың жалта ру мен сәулеленуін зерттеген. Нәтижесінде газдардың булану және араласу теориясын жасаған. "*Дальтонизм*" деп аталған көз кемістігін сипаттаған.

Физикалық атомистиканың және газдар қоспаларының теориясының мазмұнын құраған үш заң ашты: газдардың парциалдық қысымдарының (1802), тұрақты қысымдағы газдардың кеңеюінің температураға тәуелділігін (1802, Ж.Л. Гей-Люссактан тәуелсіз) және газдардың ерігіштігінің парциалдық қысымдардан тәуелділігін (1803).



- Бұл еңбектері оны заттың құрамы мен құрылысы арасындағы қатынастың химиялық мәселелерін шешуге әкелді. Химиялық атомистиканың негізгі қағидаларын ұсынған, атомдық салмақ жайлы фундаменталдық түсінік енгізген. Еселі қатынас заңын ашқан (1804): екі элемент бірімен-бірі бірнеше қосылыс түзетін болса, ол қосылыстарды, сол элементтердің біреуінің бірдей етіп алынған салмақ бөлігіне екіншісінің сай келетін салмақ бөліктерінің өзара қатынасы, кішкене бүтін сандар қатынасындай болады, сутегінің атом салмағын бірлік ретінде қабылдап сутектің, азоттың, көміртегінің, күкірттің және фосфордың салыстырмалы атомдық салмақтарының бірінші кестесін құрған (1803). "*Жай*" және "*күрделі*" атомдар үшін химиялық таңбалар жүйесін ұсынған (1804). 1808 жылдан бастап атомистикалық теорияның жеке қағидаларын анықтауға және мазмұнын түсіндіруге бағытталған жұмыстарды жүргізген. Әлемге әйгілі "*Химиялық философияның жаңа жүйесі*" еңбегінің авторы (1808-1827). Көптеген ғылым академиялары мен ғылым қоғамдарының мүшесі болған.



